Қарап отырсақ, расымен де, қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Сол себепті, осы бағдарламамен жұмыс жасайтын мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Бағдарламадағы баланы бәсекеге жетелейтін бір тұсы – бағалау. Бұрынғы білім жүйесіндегі бағалаумен жер мен көктей айырмасы бар екеніне, тиімділігіне көзіміз жетті. Жаңа бағдарламадағы критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі

Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Менің пайымдауымша, бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына, қатарластарымен бәсекеге түсуіне ықыласын туғызады.

Жаңартылған білім жүйесі жаңа зияткер тұлға қалыптастыруда оларға дамыған технологияны меңгеру, мәдени қарым-қатынас орнату, ағылшын тілінде сауатты білім алу, сандық бағдарламаны үйрену, сыни ойлауын қалыптастыруға, сауатты бәсекелестікке қадам жасауға үлес қосады. Расымен де, барлап қарасақ, ұлт пен ұлттың, ел мен елдің арасында бәсекелестік болмаса, адамзат өркендемейді. Сондықтан да, менің пайымымша, «Жаңартылған білім бағдарламасы» бәсекелестік табысқа жетелейтін алып күш сияқты. Себебі, бәсекелестік – заманға, мекенге сай өзгеріп, дамып отыратын адамдық өмірге тән, табиғи және мәңгілік тоқтаусыз үрдіс. Ал, мемлекеттер арасындағы білімдегі бәсекелестік түптеп келгенде сол елдің азаматтарының арасындағы бәсекелестіктің айнасын көрсетеді. Сол елдің адамдарының бәсекеге қабілеттілігінің өлшемін саралайды. Бұлай қарасақ, біздер, ұстаздар қауымы, өз жауапкершілігіміз бен иығымыздағы жүгіміздің қаншалық ауыр екенін бірден сезінеміз. Ал, ол жауапкершілік, бәсекеге біздерді табысқа жетелейді, ол табыс елдің бәсекеге қабілеттілік қуатын көрсетеді деп ойлаймын. Аталмыш бағдарламаның мәні баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта

жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.

Кез-келген адам алдына қойған мақсатына ерік-жігерін аямай еңбек ету арқылы, осы жолда өзін-өзі бар қырынан жетілдіру арқылы жетеді. Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс-тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту.

Қазіргі кезеңдегі оқытудың негізгі мақсаты – болашақ мамандығына байланысты әрбір балаға тереңірек білім беру, білімді өзгермелі өмір жағдайларына пайдалана білу дағдысын қалыптастыру. Сондықтан қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік-экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жоғары интеллектілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білім беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарын зерделей отыра тапсырмаларды ықшам сабақтарды құрастыру барысында көз жеткіздік.

Ойымды түйіндей келе, рухани жаңғыруда берілген сара жолмен жүріп, жаңа мазмұнды білім жүйесінде бәсекеге қабілетті ұрпақ өргізсек, ұлттық болмысымызды сақтап, санамызды кеңейтсек, бәсекеге қабілетті, табысты ел боламыз дегім келеді.





## МЕКТЕПТЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

В данной статье раскрываются особенности организации профориентационной работы в КГУ «Средняя школа № 1 имени Шакарима» акимата г.Усть-Каменогорска.

This article is closely connected with the features of career guidance organizations of «School №1 named after Shakarim» towns of Ust-Kamenogorsk.



**СМАГУЛОВА А.А.**, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі  
Өскемен қаласы әкімдігінің «Шөкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығармашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» мәселесі аталып көрсетілген. Жалпы білімнің басты үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу.

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға арналған мектеп мұғалімдерінің, отбасының, мектеп ұжымының бірлескен іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру оқушыларды

мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалынып алынған мамандыққа мүдделігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандық таңдау деген өзін айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзін араласқың келетін ортаны да таңдау. Болашақ ұрпаққа кәсіби мамандыққа көзқарас, негізінен оқыту-тәрбиелеу ісінің сипатымен анықталады. Кәсіптік білім берудің жалпы мақсаты – жастар бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыру болса, мектеп мұғалімдері оқушыларға кәсіби бағдар беріп, мамандық таңдауға жол сілтейміз.



Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады.

Мұғалім оқушыларға терең білімді береді, оны кәсіптік бағдар беру жұмысымен байланыстырады, мамандықты таңдауда оларға көмектеседі, әрбір мектеп бітіруші оқушының тағдырына жауап береді, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға көмек көрсетеді. Сынып жетекшісі сыныптағы барлық бағдар беру жұмысын басқарады. Оқушыларды белгілі мамандықты таңдауға даярлайды. Сынып жетекшісі кәсіптік бағдар беру жүйесінің компоненттеріне сүйеніп, оқу-тәрбие жұмысы жоспарында негізгі бағыттарды белгілейді. Мысалы, кәсіптік ақпаратты ұйымдастыру, кәсіптік кеңестер беруге көмектесу, мектеп бітірушілерді жұмысқа орнату т.б.

Білім беру жүйесінің барлық қатысушыларының қарым-қатынас құралы және кәсіптік бағдар беру жұмысының қалыпқа келтірілген жүйесі ол оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, Өскемен қаласының кәсіпорындарымен, ЖОО-мен, колледждерімен қарым-қатынасты нығайту болып табылады. Өскемен қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ кәсіптік бағдар беру жұмысының мәніне және мұғалімнің қажетті құзыреттілігін түсінуге үлкен қызығушылық танытады. Сондықтан мектепте жыл басында кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша жоспар құрылып, сол жоспар негізінде жыл көлемінде жұмыстар жүргізіледі.

Осы орайда мектептебімізде жүргізіліп жатқан әр-түрлі жоғарғы оқу орындарының өкілдерімен кездесу, түрлі кәсіпорындарына саяхат, мамандық туралы ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер сияқты жүйелі кәсіптік бағыт-бағдар жұмысы оқушының болашаққа дұрыс мамандық таңдауына мұрындық болмақ. Жыл сайын қаңтар айында «Мамандық таңдау» айлығы өтеді. Осы айлықта мектебіміздің түлектерімен кездесу өткізіледі және осы кездесу 11 сынып оқушыларына қатты әсер етеді.

Мектеп кітапханашысымен де бірлесіп жұмыстар атқарылады. Кітапханада «Мамандықтар жәрмеңкесі» атты сурет және кітаптар көрмесі бар. Мамандықтар жөніндегі

кітаптардың, мақалалардың тақырыптық көрмесін ұйымдастырып, пікірталастар, мамандыққа байланысты ашық сабақтар, тақырыптық кештер жүргізілуде.



Мектепте кәсіптік бағыт-бағдар жұмысын жүргізу барысында «Оқу-өндірістік комбинаты» КММ-мен бірлескен жұмыс жүргізіледі. Осы ұйымның ұйымдастырылуымен 7-8 сыныптар арасында кәсіптік бағыт-бағдар бойынша қалалық олимпиада өткізіліп, 4 оқушымыз қатысып, оқушыларымыз сертификатқа иеленді.

Орта буын 7-8 сыныптарда оқушылардың политехникалық ой-өрісін кеңейту, оларды өзіміздің экономикалық мамандықтардың түрлерімен таныстыру, кәсіпорындарына саяхат, әр түрлі байқаулар, мамандық туралы ашық сабақтар, дөңгелек үстелдер сияқты жүйелі кәсіптік бағыт-бағдар жұмысы жүзеге асырылуда. 8-сынып оқушылары қаламыздағы «Тамила-Плюс» ЖШС-не, 9-сынып оқушылары КЭМОНТ, 11 сынып оқушылары ТМК зауытына экскурсияға барды. Жоғары 10-11 сынып оқушылары ҚАЕУ ұйымдастырған «Найди свою цель» атты семинарға қатысты.

Ал 9-11 сыныптарда әрбір мамандықты терең оқытуға көңіл бөліп, белгілі бір кәсіпке қызықтыру қабілеттілігін дамыту керек болып табылады. Бұл кезеңдегі оқушылармен жұмыстың негізгі түрлеріне әртүрлі мамандық таңдауға арналған пән мұғалімдерімен сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен факультативтер, техникалық үйірмелер өткізіледі.

Мектеп қаладағы жоғары оқу орындары және колледждермен өзара қызметтестік жұмыс жүргізеді. Мектептің 9-11 сынып оқушыларымен ҚАЕУ, Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен

ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

қаласындағы «Семей Мемлекеттік Медициналық университеті», Политехникалық колледж, Өскемен құрылыс колледжі, Экономика және қаржы колледжі, Транспорт және өмір қауіпсіздігі колледжі, Өскемен көпсалалы колледжі, Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі, Медициналық колледжі өкілдері келіп, кездесу өткізді. Жоғары 10-11 сынып оқушылары ҚАЕУ, Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ ұйымдастыратын пәндік олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Мектептегі мамандық таңдауға байланысты өткізілетін іс-шаралар тек оқушыға бағыт қана береді. Ал таңдау ол оқушының өз құзырында. Рас, өз жаныңызға жақын мамандықты іздеп табу – барынша күрделі жұмыс. Оқушы өзінің қалауын білетін шығар, дегенмен, мамандықтың нақты бағыты мен қалай аталатынын білмейді. Осы жағдайда оқушы мектеп психологтары, мұғалімдері, ата-анасы мен туған-туыстарының көмектеріне жүгінгені жөн. Әрбір ата-ана кәсіптік бағдар беру жұмысын өздерінің мамандықтарымен таныстырудан бастауы керек. Оларды өздері жұмыс істейтін кәсіпорындардағы еңбектің мазмұны және өндірістің технологиялық процестерімен таныстырған жөн.

Мектепте кәсіптік бағыт-бағдар кабинеті ашылып, политехникалық білім беру және мамандық таңдау мәселелеріне арналған көрнекті педагогтар мен психологтардың еңбектері, жастарды жұмысқа орналастыру жайындағы әдебиеттер, жоғары және арнайы орта оқу орындарына, кәсіптік-техникалық мектептерге түсу туралы анықтамалық қағаздар жинақталған. Осылардың бәрі мектеп бітірушілер үшін қажетті құжаттар болып есептеледі. Сол сияқты кабинетте қаламыздағы ірі-ірі кәсіпорындар: Азия Авто, КАЗЦИНК, ТМК, ҮМЗ, КЭМОНТ, Машзавод, УКФ металлоконструкциялар зауыты, УК ТЭЦ және т.б. туралы электронды мәліметтер қоры бар. Мектеп әкімшілігі көмегімен кабинетте

стендтер жасалынған. Стендте қала, облыс көлеміндегі ЖОО, колледждер, училищелердің атауы мен мекен-жайы, мамандықтар тізімі туралы қажетті мәліметтер жазылған. Сондай-ақ, жұмысшы мамандықтар: дәнекерлеуші, құрылысшы, краншы, механик-техник, т.б. туралы ақпараттар алуға мүмкіндік бар. 10-11 сынып оқушылары жасаған мамандықтар туралы буклеттер, газеттер орналасқан. Мектептің 9, 11 сынып оқушыларына маңызды, сұранысқа ие және табысты мамандықтарға қызығушылықтарын дамыту мақсатында жоғарғы сыныптарда осы кабинетте «Мен және мамандықтар әлемі», «Мамандықтар калейдоскопы» кәсіптік бағдар беру сағаттары өткізіледі. Сол сияқты, оқушыларға ауыл шаруашылығының кейбір салаларына қажетті мамандар жайында хабарлама және сол мамандықтарды оқып үйренуге жағдай жасау, сонымен қатар ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтар туралы насихат жүргізіледі. Бұл жұмыстардың бәрі оқушылардың ой-өрісіне бағыт береді, мұны кәсіптік үгіт деп те қарауға болады. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде олардың әр саладағы мамандық иелеріне қызығуы үлкен орын алады.

9, 11 сынып оқушылары үшін жүргізілетін кәсіптік бағдар беру жұмыстары – бұл оқушыларға оқу бағытын таңдауда дұрыс шешім қабылдауды қалыптастыру және анықтау мақсатындағы топтық және жекелей кеңес беру. Оқушыларға қолданбалы факультативтік курстарда бір кәсіптің мәнін толық ашып, оның орны мен даму перспективасын көрсетуге мүмкіндік береді. Сөйлеушілерді сұрыптауға және даярлауға айрықша көңіл бөлген жөн. Жалпы мектеп математикалық-жаратылыстану бағыты бойынша жұмыс жасайды. Мектепте орта буыннан бастап қолданбалы вариативті курстар жүргізіледі. Ол төмендегідей:

Сыныптар:	Қолданбалы курстар атауы:
5 сынып	Адам денсаулығы, Роботтандырылған жүйелер, Математикалық логика.
6 сынып	Адам денсаулығы, Web -дизайн негіздері, Математикалық логика.
7 сынып	Математикалық логика, 3D үлгілеу.
8 сынып	3D үлгілеу, Биология терминдерін ағылшын тілінде оқыту, Физика терминдерін ағылшын тілінде оқыту



9 сынып	Медициналық биология, Математикалық сауаттылық, 3 D үлгілеу
10 сынып	Медициналық биология, Математикалық функция, Күрделі есептерді шығару, Химиядан экспериментті есептер, Логикалық контролер ді бағдарламалау
11 сынып	Медициналық биология, Математикалық сауаттылық, Математикалық функция, Күрделі есептерді шығару, Химиядан экспериментті есептер, Логикалық контролерді бағдарламалау, Физика және техника

Осы қолданбалы курстар оқушылардың өз ықыласын, бейімділігін, басқа да сапасын дұрыс белгіленуіне, болашақ кәсібін таңдауына жәрдем көрсетуі тиіс. Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру – адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді, білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орнығады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, бейімділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі. Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады. Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени өсуін қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты.

Мектепте оқушылардың кәсіптік деңгейін шыңдауда үйірмелердің де атқаратын рөлі зор. Біздің мектебімізде шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыру мақсатында құрылған бірнеше мектепшілік үйірмелер бар. Атап айтқанда, «Мың бұралған бишілер» би үйірмесі, «Funny English», «Қызықты математика» «Математика әлемінде», «Жас техник», «Туған өлке», «Жас химик», «Жас биолог», «Жас физик», «Жас математик», «Жас информатик», «Мәнерлеп оқу», «Табиғат»,

«Қолөнер», «Қазақша күрес», «Жас өркен» үйірмелері, «Шабыт» жас ақындар үйірмесі, «Тұран» дебат клубы жұмыс жасап келеді. Мұндай үйірме мен клубтардың ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар оқушы қабілеті мен дарынын ұштаудың негізгі алаңы. Оқушылардың дарынын дамыту олардың қабілеттілігін ғана арттырмайды, болашақ өмірге дайындап, мамандық таңдауына да әсер етеді.



Оқушының шығармашылығын арттыруда балалармен жеке жұмыстың да маңызы ерекше. Мектептен-ақ оқушылар өнер, кәсіп түрлерінен, зияткерлік және интеллектуалдық тұрғыдан ақыл-ойы мен қабілеті жағынан ерекшеленіп тұрады. Олармен жұмыстың нәтижесі қоғам мен мемлекетке, Отанымыздың болашағына өлшеусіз пайда әкеледі. Балалар сурет салады, ән айтады, мүсін салады, аспапта ойнайды, белгілі бір іс-әрекетке қабілеттілік байқатады. Мектеп мұғалімі осы қабілеттілікті жүйелі дамытып отырмаса, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды деп ойлаймын. Пән мұғалімдері үйірме сабақтарында оқушыларды жеке-топтық әңгіме өткізу, кеңес беру, түсіндіру, көрнекі құралдарды пайдалана отырып, әңгімелесу әдістерімен, сондай-ақ заводтар мен



## ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

кәсіптік-техникалық училищелерге экскурсия жасау процесінде, өндіріс озаттарымен кездесулерде, оқушыларды жұмысшы кәсібімен, өндіріспен және кәсіптік-техникалық училищелермен таныстырады.

Үйірме жұмысындағы кәсіптік бағдар берудің жетекші тәсілі оқушылардың теориялық даярлығымен үйлестіре жүргізілетін практикалық жұмыстар болып саналады. Практикалық жұмысқа ықыласын дамытуда мыналар көмектеседі:

- 1) еңбек объектісін дұрыс тандау;
- 2) еңбек объектілерін оқушылардың жасына және дара ерекшеліктеріне қарай бөлу;
- 3) оқушыларды практикалық жұмыстарды атқаруға даярлау;
- 4) үйірме ішіндегі жақсы ұйымдасқан жолдастық өзара көмек, сондай-ақ еңбек нәтижесін дер кезінде әрі әділ бағалау;
- 5) оқушылардың техникалық әдебиеттермен және құжаттармен дербес жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Мектебімізде сонымен қатар дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу практикалық тұрғыда негізінен төрт бағытта ұйымдастырылған. Олар - интеллектуалдық, спорттық, өзін-өзі басқарушылық, ұйымдастырушылық, көркемөнерпаздық. Осы аталған бағыт бойынша тоқталатын болсақ, ақыл-ой, тіл, интеллектілік жағынан дарындылармен жұмыс оқушыларды ойлауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, сөйлеу өнеріне, ғылыми тұрғыда ізденуге, жадын дамытуға, пікір таласып ойталқыға түсуге, көркем сөйлеуге үйретеді. Осы негізде осы оқу жылы ғылыми жобалар жұмысы бойынша 2 оқушымыздың жұмыстары облыстық байқауға ұсынылып, бір оқушымыз жүлдегер атанды.

Спортпен шұғылдану – салауатты өмір салтын ұстанудың маңызды бағыты. Бұл бағытта мектебімізде волейбол, баскетбол, гандбол, шахмат, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, дойбы, күрес сияқты ойын және спорт түрлерінен сайыстар мен жарыстар, сыныптан тыс шаралар өткізіліп тұрады. Осы бағыт бойынша оқушыларымыз республикалық деңгейден көрініп, жетістіктерге жетіп жүр. Өзін-өзі басқарушылық – ұйымдастырушылық бағытында атқарылған шаралар да оқушылардың қарым қабілетін, дарыны мен шығармашылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, оқушылардың кәсіби біліктілігін, бағдарларын қалыптастыру оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал оқушылардың жеке бас дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдары ұғымы анықталады. Сондықтан оқушылардың кәсіби бағдарларын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауынан бөліп қарастыруға болмайды. Оқушылардың кәсіби бағдарларына кәсіптің бір саласына қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері жатады. Сонымен, ХХІ ғасырды білімділер ғасыры десек, ғылым мен білім саласында еңбек ететін жастарымыздың алдында үлкен жауапкершіліктер тұр. Демек, сол жастарға кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына бағдар беру – басты мақсатымызға айналуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Мұғалім және қоғам» №2, 2017
2. «Қазақстан мектебі» № 2, 2016
3. «Қазақстан мектебі» № 11, 2017
4. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2018 ж.5 қазан



## САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

В данной статье рассказывается о системе методической работы школы, об эффективности методической и научно-исследовательской работы. Затронута тема школьных исследований и особенности этой работы, участие учителей в профессиональных конкурсах, система работы с одаренными детьми, молодыми учителями.

This article sets out the effectiveness of methodical and scientific work of school. The theme of school research is participation of teachers in professional competitions, the system of work with talented pupils and young teachers.

**СУЛЕЙМЕНОВА Б.А.,** директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Өскемен қаласы әкімдігінің  
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» КММ

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын жолдауында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев негізгі бес нәрсеге басымдық берген. Солардың ішінде төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту. Ел экономикасының қарқынды дамуы білім беру жүйесіне тікелей байланысты. М.Әуезовтың «Халық пен халықты ел мен елді теңестірген білім» деп айтқан сөзі адамзат тіршілігінің негізгі тұжырымы болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері білім жүйесін енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымыздың жарқын бейнесі. Себебі қай мемлекет болмасын оның дамуы білімді, білікті азаматтарға иек артады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мамандардың мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жастар – ертеңгі мемлекетті дамытушы білімді, білікті маман, ел тағдырын шешуші азаматтар.

Ғылым мен техниканың күн санап өсуіне байланысты педагогика ғылымының теориясы мен оқыту үрдісі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соған орай оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап

етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу – ұстаздың қолында. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірінде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау – ұстаздың басты міндеті. Білімнің шаңырағы болып табылатын мектептегі әдістемелік жұмыс жүйесі де заман ағымымен өз ширегінде жүріп жатуы қажет. Өскемен қаласы әкімдігінің «Шәкәрім атындағы №1 орта мектебінің» әдістемелік жұмысын педагог кадрлардың ғылыми-ілімдік, кәсіптік, әдістемелік, мәдени деңгейін сапалы көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке жұмыстар жүйесін қосатын кешенді және шығармашылық даму үрдісі деп қарауға болады. Мектеп «Деңгейлік бағдарлама идеялары арқылы білім беру үдерісінің субъектілерінің функционалдық сауаттылықтарын дамыту» ізденіс тақырыбын іске асыру мақсатында жұмыс жасайды.

Мектепте әдістемелік жұмыс бірнеше негізгі бағыттарда жұмыс істейді. Олардың негізгі формалары: педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңестер, әдістемелік бірлестіктер, проблемалық шығармашылық топтар, фокус топтары, ғылыми-практикалық конференциялар, педагогикалық оқулар, шығармашылық есептер, теориялық семинарлар мен семинар-практикумдар, озат тәжірибе мектебі, жас мамандар мектебі.

ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Мектебіміздің әдістемелік жүйесінде тоғыз әдістемелік бірлестік комиссиясы мектептің жоспарына сәйкес өз жоспарларын басшылыққа ала отырып жұмыс атқарады. Апталық пәндік бақылаулар, деңгейлік бағдарлама идеяларын, жеті модульді оқу-тәрбие үдерісіне енгізу бойынша, жаңартылған білім беру жүйесіне көшу

бойынша іс-жоспарларды орындауға бағытталған шаралар мұғалімдерді жоғары әдістемелік мәдени рухта тәрбиелеу және өз еңбегінің сапасы мен нәтижесінде талап қоя білуге дағдыландырады. Мұғалімдеріміз қала, республика көлемінде өз тәжірибелерін таратып, жетістіктерге жетіп жүр.

Мұғалімнің аты-жөні	Жетістігі
Ксембаева А.Ж.	Қалалық «Үздік «Сынып жетекшісі2018» кәсіби байқауы– 3орын
Мускенова А.М.	Қалалық «Үздік психолог2018» кәсіби байқауы – 2 орын
Алпысбаева Қ. Г.	Республикалық Қазақстан тарихы пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада– 2 орын
Атахан Қ.	Республикалық Қазақстан тарихы пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада- 1 орын «Ә.Марғұлан атындағы Республикалық Қазақстан тарихы пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада»– 1 орын «Ш.Уәлиханов Республикалық география пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада» 1 орын «Жаңашыл мұғалім» республикалық байқауы – 1 орын
Садуова К., Тусупова Б., Бейсембаева Г. Аскарова Б.	Республикалық математика пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада – сертификат
Алимбекова С.А	Республикалық информатика пәнінен мұғалімдерге арналған олимпиада- 1 орын
Сулейменова Б.А.	«Ұлағатты ұстаз» республикалық байқауда «Үздік қазақ тілі мұғалімі» бағытында 1 орын ШҚО «Алдаспан» ұстаздар күніне орай ұйымдастырылған «Мектеп – білім тірегі» атты шығармашылық байқау– алғыс хат «Білім беру жүйесіндегі инновациялар мен заманауи технологиялар» атты Республикалық ғылым тәжірибелік конференция– 2 орын
Ибарева Г.С.	«Білім беру жүйесіндегі инновациялар мен заманауи технологиялар» атты Республикалық ғылым тәжірибелік конференция 1– орын М. Әуезовтің 120 жыл толуына орай өткен педагогикалық оқу– 2 орын

Сахариева Б.Н.	«Білім беру жүйесіндегі инновациялар мен заманауи технологиялар» атты 4 Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция – 1 орын
Абдрахманова М.М.	«Білім беру жүйесіндегі инновациялар мен заманауи технологиялар» атты 4 Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция – 2 орын
Комшанова А.	«Ұлағатты ұстаз» республикалық байқауда «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» бағытында – 1 орын
Асқарова Б.М.	«Ұлтымыздың бүгінгі мен ертеңі білімді ұрпақ қолында» Республикалық педагогикалық конференция – мадақтама

Мектептегі әдістемелік жұмыс – өзінің ғылыми-теориялық және әдістемелік дайындығы мен кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында мұғалімдердің жүйелі түрде жүргізетін ұжымдық және жеке іс-әрекеттері. Сондықтан да мектепшілік кәсіби даму үдерісінде мұғалім тәжірибесіндегі зерттеудің алатын орны ерекше. Зерттеу мұғалімнің кәсіби тәжірибесін дамытудың қуатты құралдарының бірі болып табылады. Мектебімізде сабақ аясында «Іс-әрекеттегі зерттеуді» жүзеге асыру мақсатында апталықтар өткізіліп тұрады. Бірнеше «Lesson Study» топтары жұмыс істейді. Аталған жұмыс бағыттары оқушылардың жеке әлеуетін ескеріп, оқуға ынталандыруға, кері байланысты жүзеге асыруға, оқушыларды критерийлер арқылы бағалауға, бірлесе жұмыс істеуге үйретеді.

Мектебімізде 2015 жылдан бастап «Көшбасшы» мектепаралық қоғамдастығы жұмыс атқарып келеді. Аталған қоғамдастық құрамында №1, 20, 33, 35, 43, 45, 46 мектептерден 21 сертификатталған және 14 деңгейлік бағдарлама бойынша курстан өтпеген мұғалімдер бар. Жоспар бойынша оқу жылы көлемінде шебер-сыныптар, дөңгелек үстелдер, практикум, семинарлар, іскерлік ойындар ұйымдастырылып тұрады. Бұл қала көлемінде мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуына және жас мамандарға тәжірибе жетілдіруіне зор ықпал етеді.

Бүгінгі күн талабына сай ЖМЦ пәндерін ағылшын тілінде оқытуда мектебімізде қолға алынып отыр. Сегізінші сыныптарда физика, биология, информатика пәні сабақтарымен қоса, пәндік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында жекеленген мектептен тыс шаралар да ағылшын тілінде өтеді. Бесінші сыныптан бастап ағылшын

тіліндегі терминологияны оқытуға көңіл бөлінген. Осы мәселелер бойынша фокус тобы құрылып, бекітілген жоспар бойынша ағымдағы жұмыстар жүргізіліп отырады. Мектеп әкімшілігі мектептің өзекті тақырыбын жүзеге асыруда жыл көлемінде педагогикалық кеңестердің жоспарлы түрде өтілуін назарда ұстап отырады. Педагогикалық кеңестердің күн тәртібіне орай даярлық шаралары жоспарланып, педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие жұмыстарына зерттеу жасалынып, сауалнамалар мен диагностикалық зерттеулер жүргізілді, барлық мұғалімдердің сабақтарына қатысып, талдау жасалынып, қорытындысы шығарылады. Педагогикалық ұжымның қазіргі заман сабақтарын жүргізуде жеке тұлғаға бағыттай оқытып, оқушыларды белсенді оқу еңбегімен қамту және жаңа әдіс-тәсілдерді жүйелі қолданып, әр сабақтың мақсатына орай іріктеу бағыттарын байқау мақсатында озық педагогикалық іс-тәжірибе тарату мақсатында әдістемелік кеңестер де жоспарға сай өтеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үдерісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам




ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуда бүгінгі таңда деңгейлік бағдарлама негіздерін басшылыққа алып отырмыз. Ол жеті модуль идеялармен жүзеге асады. Әр пән бірлестігіне бір модульге басымдық беру арқылы басқа модульдермен ықпалдастыра жұмыс істеу тапсырылды. Олар: Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер – тәрбиешілер әдістемелік комиссиясы. Сыни тұрғыдан ойлау модулі – жаратылыстану әдістемелік комиссиясы. Оқыту

үшін және оқытуды бағалау – математика, физика, информатика әдістемелік комиссиясы. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану – қазақ тілі, тарих әдістемелік комиссиясы. Талантты және дарынды балаларды оқыту модулі – бастауыш әдістемелік комиссиясы. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту – дене шынықтыру, технология әдістемелік комиссиясы. Оқытуды басқару және көшбасшылық модулі – орыс тілі, ағылшын тілі әдістемелік комиссиясы.

Оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту жоспарына сәйкес ОЖСБ-ға, TIMSS, PISA-ға дайындық жұмыстары



қосымша кесте арқылы жүзеге асып жатады. Оқушыларымыз оған сай оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілген. «Бүгінгі бала – ертеңгі дана» деп халқымыз айтқандай мектебімізде дарынды балаларға үнемі қолдау көрсетіледі. Дарынды оқушының ақыл-ойының, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің өзіндік ашылу деңгейі мен өлшемін ескеру, жан-жақты ақпараттандыру, коммуникативті бейімдеу, білім-білік дағдыларын тереңдету, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, өзіндік білім алуға жетелеу жұмыстары жүйелі түрде атқарылып жатады. Дарынды

балалармен жұмыстың жүйесін мына сызбадан байқауға болады.

Мектебімізде оқушылардың ғылыми зерттеушілік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және өз интелектісін дамытуға талаптанған оқушы жастардың ерікті шығармашылық бірлестігі «Шұғыла» оқушылар ғылыми қоғамы қызмет етеді. Оқушылардың ғылыми қоғамның өз атауы, таңбасы, ұраны бар. Оқушылар ғылыми қоғамындағы белсенді жұмысы және шығармашылық табыстарын мына кестеден көруге болады.

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшеу бірлігі	2015-2016	2016-2017	2017-2018
1.	Олимпиада жүлдегерлерінің саны:				
	барлығы:	саны	28		404
	-қалалық	саны	7	1	23
	-облыстық	саны	1		8
	-республикалық	саны			266
	-халықаралық				115
2	Ғылыми жобалар сайысының + «Зерде» жүлдегерлерінің саны:				
	барлығы:				
	--қалалық	саны	12	6	16
	-облыстық	саны	4	2	9
	-республикалық	саны	4	1	2
	-халықаралық	саны	4		2
3.	Басқа да сайыстардың жүлдегерлерінің саны:		107	50	
	барлығы:				
	-қалалық	саны	350		23
	-облыстық	саны	25		3
	-республикалық	саны	79		49
	-халықаралық	саны	2		62

Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатындай кәсіби мамандар дайындау. Мектебімізде «Жас мұғалімдер мектебі» жыл сайын мектепке келген жас мамандарды өзіне деген сенімі мықты, азаматтық айқындамасы орнықты, кәсіптік білім деңгейі жоғары, жаңалыққа жаны құмар, тың шешім таба

алатын мұғалім болуға дайындап келеді. Оларға шығармашылық жұмыс жасауда тиімді психология-педагогикалық әдіс-тәсілдерді іріктеу, оларды қолдану дағдыларын дамыту, кәсіби қызметіне тікелей қатысы бар нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала білуге баулу мақсатында тәлімгерлер тағайындалады. Жыл көлемінде жас мамандар да мектептің оқу-тәрбие

## ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

үрдісіне ат салысады.

Шындығында мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең

түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуді және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.





**РАҚЫШЕВА Р.С.,** директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары  
Өскемен қаласы әкімдігі  
«Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі» ҚММ

## ТӘРБИЕ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ - ҰЛТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ КӨКЖИЕГІ

В данной статье представлен опыт работы по внедрению инновационных технологий и активных методов в воспитательный процесс школы по реализации "Рухани жаңғыру" и в условиях обновления содержания образования.

This article is represented the experience work in introduction of innovative technology and active methods of educational process of school in realization of programme «Ruhani Zhangyru»( Modernization of public consciousness) and in condition of updating the content of education.

«Үшінші жаңғыру – қазіргі жаһандық сын-қатерлермен күрес жоспары емес, болашаққа «Қазақстан -2050» стратегиясы мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, әлемдік деңгейдегі білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін қалыптастырмай Үшінші жаңғыруды жүзеге асыру еш мүмкін емес. Бұл ретте жаһандық жаңа қатерлерге қарсы адами капиталды да сапалы дамыту қажет. Ал адами капиталдың өзегі – білім мен тәрбие. Ғұлама ғалым Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Эль-Фараби бабамыз айтқандай «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі». Тәрбие халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүние танымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру болып табылады.

Осы орайда, мектебіміз тәрбие жұмысын жүргізуде нормативті құқықтық құжаттармен қоса, тәрбие жұмысының құралдарымен жүзеге асырылатын мемлекеттік бағдарламаларды басшылыққа ала отырып, оқушылардың бойында қазақстандық-азаматтық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрін дәріптеуге, әлемдік

және отандық мәдениет жетістіктерін оқып-үйренуге тәрбиелеу мақсатында жұмыс жасап келеді.



Осы мақсатты жүзеге асыруда, мектеп ұжымы кешенді түрде тәрбие беру жұмысын «Деңгейлеп оқыту идеялары арқылы білім беру үрдісінің субъектілерінің функционалдық сауаттылықтарын дамыту» атты өзекті тақырыбынан туындайтын міндеттерді халықтық тәлім-тәрбие мұрасымен, қазақ халқының бағалы педагогикалық ой-пікірлерімен, ұлттық мұрамен ұштастыру арқылы жүзеге асыруда. Жұмыс жүйесі төмендегідей міндеттерді шешуге бағытталған:



ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

1. Тәрбие жұмысын жүзеге асыруда инновациялық технологияларды қолдану;

2. Сынып жетекшілерінің кәсіби деңгейін көтеруге, озық іс-тәжірибелерді оқып үйрене отырып, шығармашылықпен жұмыс жасау;

3. Оқушылардың туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, тарихи қазынамызды сақтап, өрбітуге тәрбиелеу.



4. Оқушыларға салауатты білім беруді жаңа технологияларға сүйене отырып жүргізу.

Бұл міндеттер төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Сынып жетекшілерімен жұмыс (Сынып жетекшілерінің озық тәжірибелерін оқып үйрену, тәрбие жұмыстарын жаңа технологияларға сүйене отырып жоспарлау, нәтижелікті болжау);

2. Оқушылармен жұмыс (Тәрбиенің негізгі бағыттарымен, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру);



3. Оқушылардың «Жасұлан оқушылар комитетінің» ұйымымен жұмыс

(Ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамыту);

3. Ата-аналармен жұмыс (Мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас, ата-аналар оқуын ұйымдастыру, біріккен әр түрлі шаралар жоспарлап өткізу, тәрбие беруде әдістемелік көмек көрсету, құқықтық білімдерін кеңейту);

4. Мектептен тыс мекемелермен байланыс (кітапхана, театр, мұражай, Заң және медицина қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастыру).

Мектепте жас ұрпақты тәрбиелеуде 29 сынып жетекшісі жұмыс атқарып отыр. Олардың 42% жоғары санатты, 34% I санатты, қалған пайызы II санатты жас ұстаздар. Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу.

Тәрбие беру – өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс. Бұған қоғамдық өмірге дербес шешім қабылдап, ойды саналы түрде түсінуге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелемейінше, қол жеткізу мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек? – деген жанды сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз.



Әрбір сынып жетекшісі өз жұмысын диагностикалық байқау мақсатында оқушыларға арналған әлеуметтік картаны толтырудан бастайды. Оқу жылының басында оқушыларды жан-жақты зерттей отырып, ата-аналарының білім деңгейлерін, оқушылардың әлеуметтік демографиялық мінездемесін анықтайды. Диагностика нәтижесінде жүргізілген мақсатқа сәйкес тәрбие мазмұнын анықтай отырып, оқушылар бойында жалпы азаматтық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізіліп отырады. Мектеп барлық кезде өскелең ұрпағының елін, халқын, туған жерін сүю және қорғау сезімдерін дарытып, дамытып келеді. Осы орайда мектептегі сынып

жетекшілерінің жұмысының маңызын айтпасақ болмас.

Әр сынып жетекшісі алдында отырған оқушының білімді, тәрбиелі, бүгінгі елдің тізгінін ұстайтын, ұлт болашағын ойлайтын, қазақтың көк байрағын көкке көтеретін саналы азамат болып өсуін қалайды. Осы орайда, мектептегі тәрбие жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды қолдану арқылы ұрпақ тәрбиесін жаңғыртуда көптеген жұмыстар атқарылуда.

Интербелсенді әдістерді не үшін қолдану керек? Әлем дамуының негізгі сипатын түсініп, ақпараттарды мейлінше меңгеріп, мектептегі үш тағанмен (мектеп, ата-ана, оқушы) коммуникативті қатынастың дамыту, жас ұрпақтың зияткерлік тұлғадан рефлексивті тұлғаға көшіру, нәтижеге бағыттай отырып тәрбиелеу, тұлға рөлінің өсуіне септігін тигізеді.



Интербелсенді әдістерді қолдану не береді? Жағымды психологиялық ахуал, субъектінің қызығушылығы артады, бірлескен жұмыс қалыптасады, өзіне-өзі сенімділік орнайды, ережеге бағына отырып тәртіп орнатады, ақпараттың мейлінше өсуі байқалады. Кез келген жұмысты атқаруда нәтижеге бағыттай жұмыс жасауымыз керек. Осы орайда, біздің алдыға қойған мақсатымыз бен міндетіміз айқын, қол жетімді болуы шарт. Нәтижеге қол жеткізу үшін жоғарыда айтылғандай мақсат SMART мақсат, яғни нақты, өлшемді, қол жетімді болуы қажет. Қандай шара өткізсек те сол жұмыстың нәтижесіне бағыттауымыз қажет. Жасалған жұмысқа анализ жасау SWOD талдау түрінде болып, өтілген жұмыстың күшті, әлсіз, мүмкіндігі мен қауіп-қатерін анықтасақ, сол жіберілген кемшіліктерге негіздей жұмыс жасасақ, жұмысымыз нәтижелі болмақ. Сондай-ақ, жүргізіліп жатқан жұмыстарға инновациялық технологияларды енгізе отырып оқушы мен атананың өзіндік және шығармашылық танымын

арттыруды басшылыққа алып отырамыз. Әр түрлі формада (тренингтер, іскер ойындар, шебер сыныптар) өтіліп отырған бірлестік отырыстары, сынып жетекшілерінің сынып сағаттары, ата-аналар жиналысы өз нәтижесін көрсетіп отыр.

«Рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру» аясында өтіп жатқан шаралар бойынша сынып жетекшілерімен жеке әңгімелермен таныстырылымдар жүргізіліп, сынып жетекшілері Е.С.Қабдолдинованың, А.Қ.Амренованың, Б.Н.Сахариеваның, К.С.Ибраеваның іс-тәжірибелері мектеп ішінде таныстырылды.



Сондай-ақ, мектептегі тәрбие жұмысын жүргізудегі іс-тәжірибеміз қалалық, облыстық, республикалық көлемде таратылуда. ҚБББ-ның ұйымдастыруымен өткен сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жетекшілеріне арналған семинарда Д.К.Байжуманова «Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда интербелсенді әдістердің тиімділігі» атты баяндамасы, облыстық «Шығыс» өңірлік орталығының ұйымдастыруымен өткен тәрбие орынбасарларына арналған семинарда жасаған «Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің портфолиосы» және Астанада өткен Республикалық тамыз конференциясында «Үш тілде білім берудегі тәрбие жұмысында қолданылатын инновациялық технологиялар» тақырыбында баяндама оқыса, жалпы қалалық деңгейде өткізілген «Ең үздік сынып жетекшісі-2018» сайысына 11«Б» сынып жетекшісі Ксембаева А.Ж. қатысып, ІІІ орынды иеленіп, облыстық семинарда «Рухани жаңғыру – патриоттық тәрбие негізі» тақырыбында шеберлік сыныбын көрсетіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық тәрбие



## ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

орынбасарларына арналған семинарда 10 «А» сынып жетекшісі Алимбекова Салтанат Азатхановна «Сынып жетекшісінің электрондық портфолиосы» тақырыбында презентация қорғады.



Сондай-ақ, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар тәрбие жүйесінде де өз орнын тауып отыр. Мектебімізде өткізіліп жатқан жұмыстар, отырыстар инновациялық технологияларға негізделген. Жаңаша әдіс-тәсілдерді тәрбие жүйесінде қолдану барысында көрсеткен нәтиже:

- сынып жетекшілердің жұмысқа ынтасы артады;
- іскерлік дағдысы, зерделеу қабілеттері дамиды.

Баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық күшін қалыптастыру және оқушының шығармашылық қабілетін дамытуда әр түрлі жұмыс жүйесі жүзеге асуда. Жаңаша ұйымдастыру сынып жетекшінің өзін-өзі дамытуына қолайлы жағдай жасай отырып, оның шығармашылығының өздігінен іс-әрекет ету даралық қабілеттерінің артуына септігін тигізеді.

Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруда бастауыш буын мен орта буындар арасында авторлық бағдарламалар жасалып, жұмыстар жүргізілуде. Осы бағдарламаны жүзеге асыруда оқушылармен Қазақстандық патриотизм, азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие беруде

Қазақстан Тәуелсіздің алған жылдардағы жетістіктерін насихаттау, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін және патриоттық сезімдерін, азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыру мақсатында «Қазақстан патриоты» жобасы іске асуда.

Оқушыларға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыт-бағдары еліміздің Президенті Н.Назарбаевтың «Толық өркениетті ел болу үшін өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн» деп айтқан сөзі әрбір Қазақстан азаматына арналған. Осы орайда, салт-дәстүрді дамытуда ұлттық тәрбие негізінде 5-сыныптарда жоспарлы бағдарламалар жүзеге асырылуда.



«Шәкәрім шығармаларындағы ұлттық тәрбие мәселелері», «Өз халқыңның қадір-қасиетін ұқ», «Қазақ өнеріндегі ұлттық тәрбие», «Ұлт патриоты болайық» тақырыптарында өтіп жатқан тәрбие сағаттары болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуде.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру мақсатында мектепшілік «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылуда. Ұйым мүшелері Оқушылар шығармашылық сарайындағы көшбасшылар мектебіне қатыса отырып, мектепшілік мерекелерді ұйымдастыруға белсене ат салысуда. Сонымен қатар, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда үйірмелер мен спорт секцияларының алатын орны ерекше.

Бала тәрбиесіне жауап беретін бірден бір

тұлға – ата-ана. Мектеп пен ата-ана арасындағы қатынас жүйелі болған жағдайда ғана бала тәрбиелеу ісі дұрыс жолға қойылмақ. Осы орайда, ата-аналар оқуы, жиналысы талапқа сай, заман сұранысына негізделіп жасалады. Оқушыға отбасы жарастығы, татулығы, сыйластығы туралы түсінік беріліп, адамға өмірде ең қымбат – отбасы екендігін ұғындыру, ата-ананы құрметтеуге тәрбиелеу көзделіп, білім алушылар бойына отбасы сүйіспеншілігін сезінуді үйрету басты назарда. Жақсылыққа жетелеуде, еңбектенуде, білім алуға көмектесуде, үлкендерді құрметтеуде және кішілерге қамқор болуға тәрбиелеуде іс-шаралар өз жүйесін тауып отыр.

